

ЕРЛІК - ЕЛГЕ МҰРА

Қаһарман Хайдаров

Биыл «Даңқ» орденінің толық иегері Бақыт Қайдарұлы Хайдаровтың туғанына - 100 жыл (1919-1945 жж.).

*Соғыстың сұрапылын бастан кешкен,
Менің де тәндерімді оқтар тескен,
Жау оғын омыраумен қаққан Бақыт,
Өмірге кетерсің бе мәңгі естен?
Басына тағзым етіп «өшпес оттың»,
Бірімін ойға шомған миллион көптің.
Жүрегің сол оттағы оттай жанып,
Соғып тұр демеңгерші сенгер,
жоқпын»*

Дихан ӘБІЛЕВ.

Ұлы Отан соғысында «Даңқ» орденінің толық иегері атанған жауынгерлер Кеңес Одағының Батырымен теңестірілген. Сондай жоғары марапатқа ие болғандардың бірі - павлодарлық жерлесіміз, «Даңқ» орденінің толық иегері Бақыт Хайдаров.

«Даңқ» орденінің толық иегері, Кеңес-Фин соғысына қатысушы Хайдаров Бақыт Қайдарұлы 1919 жылы дүниеге келген. Баянауыл ауданы Алексеевка селосында тұрған.

Бақыт Қайдарұлы бригадирлер мектебін бітіріп, Павлодар сүт өндірісі техникумында оқыды. 1935-1938 жылдары Павлодар ауданының «Шақат» совхозында бригадир болып еңбек етті. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, әскер қатарында жүргенде жауынгер Бақыт Қайдарұлының артиллериялық қару-жарақ ісін жетік білгені үшін жетпіс миллиметрлік зенбіректер қаруының басшысы болып тағайындалды. Әскерден кейін туған жеріне қайтар кезде Ұлы Отан соғысы басталды.

Бақыт Хайдаров бірден майданға жіберіліп, қиындық пен ерлікке толы өмірі басталды. Отан үшін болған сұрапыл шайқастарда ұтқырлықпен ұйымдастыра білген шабуыл стратегиясының нәтижесінде талай рет жаудың бетін қайтарды.

Аға сержант Б.Хайдаров Үздік зенбірекші ретінде шеберлік көрсетіп, дәл уақытында тиісті орындарды әскери қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды.

1944 жылы 17 маусымда жау артиллериясы оғының астында жүріп, кезекті әскери тапсырманы орындау кезінде жараланды, бірақ жарақатына қарамастан,

взводты басқаруды өз қолына алды.

Бақыт Хайдаров ең алғашқы «Даңқ» орденін Ленинград майданының 46-шы атқыштар дивизиясының 175-шы атқыштар полкінің құрамында соғысып, алдыңғы шепке керек қару-жарақты, оқ-дәріні дер кезінде жеткізгені үшін алған.

1945 жылғы қаңтар айындағы шабуылда көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін ол II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Әсіресе, Шығыс Пруссия аумағындағы шайқастарда Хайдаровтың артиллериялық дәл есебі көзге түсті. Ол 46-шы атқыштар дивизиясының құрамында Шығыс Пруссия аумағында 1945 жылғы ақпан айында болған ұрыстарға қатысты. Онда жаудың қорғаныс бекінісін бұзып, тағы да ерлік пен батылдық танытты. Жауынгерлік ерлігі үшін ол I дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Бақыт Хайдаров 1945 жылы 11 наурызда майдан даласында қаза тапты. Батыр жауынгер Польша жерінде Госмилзау елді мекенінде бауырластар зиратында жерленді.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада батыр туралы материалдарды күнтізбектерден, библиографиялық көрсеткіштерден және жергілікті басылымдардан табуға



болады. Мәселен, «Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедиясы», «Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия» анықтамалары, «Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 Павлодарлықтар - Кеңес Одағының Батырлары және үш дәрежелі «Даңқ» орденінің толық кавалерлері» атты/кітапхана (2010) шығарған/ библиографиялық көрсеткіште, сонымен қатар, жергілікті өлкетанушы М.Гапонның «Тебе, товарищ потомок» атты кітабында және басқа да басылымдарда мәліметтер бар.

Ер есімін ел есінде мәңгі қалдыру үшін Павлодар қаласында «Даңқ» аллеясында батырға арнап ескерткіш бюст орнатылды. Павлодар қаласындағы және Баянауыл ауданының орталығындағы көшелердің біріне Бақыт Хайдаровтың есімі берілген. Сонымен қатар, Баянауыл ауданындағы Жаңатілек ауылындағы орта мектеп батырдың есімімен аталады.

Аға ұрпақтың ерлігі жадымыздан өшпейді.

Майя ИСАКАЕВА,
Ақпарат және өлкетану библиографиясы бөлімі,
С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана.